

ТӨРТ ОБЛЫС РЕКОРДТЫҚ ӨНІМ ЖИНАДЫ

Біздің елдегі егістік жердің 93 пайызы жауын-шашынға тәуелді. Дамыған елдердегі дәнді дақылдардың өнімділігі бізден 20 пайыздан аса жоғары. Өйткені олар заманауи агротехниканы қолданады. Біздің фермерлерге мұны теория емес, практика жүзінде көрсету қажет. Сол үшін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті өткен жылы Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының 9 шаруашылығына республикамызда алғаш болып дамыған елдерде кеңінен қолданылып, тиімділігімен танымал болған дәл егіншілік жүйесін енгізген.

Бұл істі университет аграрлық білім мен ғылым және агротехнологиялар жөнінде әлемде көш бастаушы саналатын АҚШ-тың Дэвис қаласындағы Калифорния университетімен, сондай-ақ CLAAS және John Deere компанияларымен бірлесе отырып, дәл егіншілік орталығын құрудан бастаған. Ғалымдар осы бағытта жұмыс істей отырып, жаңа білім мен біліктілікті меңгеріп қана қоймай, осы технологияны өндіріске енгізу жұмыстарын жүзеге асыруға қол жеткізді. Университет ректоры Ақылбек Күрішбаев бұл жобаның сәтті жүзеге асқанын қуанышпен жеткізді әрі өткен жылы Ауыл шаруашылығы министрлігі университетті Қазақстанның АӨК цифрландыру ғылыми-әдістемелік орталығы ретінде белгілегенін және Ауыл шаруашылығы министрлігі цифрландыру кеңсесі ГАЖ технологиялар орталығында орналасқанын мәлімдеді.

– Жаңа технологияны енгізген шаруашылықтардан мол өнім алдық. Жұмыстың нәтижесі артқан үмітімізді толығымен ақтады. Жоба жүргізілген шаруашылықтардың барлығы ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Мысалы, Осакаров ауданындағы «Найдоров» ЖШС шаруашылығында жаздық бидайдың әр гектарынан 50 центнерден астам өнім алынды.

Бұл – Қарағанды облысы үшін тарихи рекордтық көрсеткіш. Осындай көрсеткіштер мен нәтижелердің негізінде білім тарату жұмыстарын жүргіздік. Аталған жобаны орындау барысында барлығы 822 шаруа мен аудандық және облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының мамандарын оқытып, тәжірибемізбен бөлістік. Сонымен қатар университет қабырғасында 156 ауыл және аудан әкімдерін оқыттық, – деді Ақылбек Күрішбаев.

Бұл бастаманы Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров та қолдап, егіншілікке жаңа технологияны, цифрландыру жүйесін енгізу арқылы оң нәтижеге қол жеткізетінімізді тілге тиек етті. Бұл үшін

мемлекет қаржы бөліп, жағдай жасап отыр. Ендігі мақсат – берілген мүмкіндікті дұрыс пайдалану. Вице-министр бүгінде Ауыл шаруашылығы министрлігі университеттермен, ғалымдармен, ауыл шаруашылығы басқармаларымен тығыз жұмыс істеп жатқанын атап өтті.

Ауыл шаруашылығы саласын өркендету – білікті мамандардың қолында. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығында кәсіби, білікті кадрлар тапшы. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Солтүстік және Орталық Қазақстан жағдайында дәл егіншілік жүйесін енгізу» тақырыбында өткен семинар кеңесте Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Владимир Божко осы мәселеге тоқталды.

– Аграрлық университеттерді бітірген түлектердің 50 пайыздан астамы мамандығы бойынша мүлде жұмыс істемейді, ауылға оралмайды. Бұл – өте өзекті мәселе. Енді ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын жоғары оқу орнында грантта оқыған мамандар мамандығы бойынша, ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеуі тиіс. Бұл дәрігер, педагог т.б. мамандықта оқығандарға да қатысты. Кеше ғана осы туралы жаңа заң қаралғанын хабарлағым келеді, – деді Мәжіліс төрағасының орынбасары.

Егіншілік технологиясын трансферттеу және оны өндіріске енгізу жөнінде тәжірибе алмасу – ауыл шаруашылығын дамытуға тың серпін береді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі басшылары, Парламент депутаттары, облыс әкімдерінің орынбасарлары, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылары, Ақмола және Қарағанды облысындағы аудан әкімдері, қауымдастықтар мен қоғамдық ұйым басшылары, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер және агробизнес өкілдері қатысқан шарада зиянкестер мен арамшөптердің мониторингі кезінде геоақпараттық жүйелер мен жерді қашықтықтан зондтау, дәл егіншілік жүйелерін техникалық қамтамасыз ету, егіншілік технологияларына арналған агро-химиялық зерттеу, тұқымдарды фитоанализдеу, зиянды организмдердің фитосанитарлық мониторингі сияқты мәселелер талқыланды.

Айта кету керек, аталған іс-шараны Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым министрліктері, Ұлттық инженерлік академиясы ұйымдастырды. Бұл басқосу «Байсерке-Агро» агрохолдингінің бас директоры Темірхан Мыңайдарұлының 70 жылдығына арналған «Ғылым, өндіріс, бизнес: аграрлық сектордың қазіргі жағдайы мен оның «Байсерке-Агро» агрохолдингі үлгісіндегі инновациялық даму жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның секциялық отырысы саналады.